

Осакаров ауданының жұмыссыз жастары үшін дипломнан кейінгі кәсіптік тәжірибені ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Осакаров ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 20 мамырдағы N 14/03 қаулысы. Қарағанды облысы Осакаров ауданы Әділет басқармасында 2009 жылғы 02 маусымда N 8-15-105 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Осакаров ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 1 ақпандағы N 03/01 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Осакаров ауданы әкімдігінің 2012.02.01 N 03/01 (алғаш рет ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7 бабының 6 тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабының 1 тармағының 13 тармақшасына сәйкес, жоғары оқу орындарының, колледждердің және кәсіптік лицейлердің (әрі қарай – кәсіптік оқу орындары) түлектерін – жұмыссыз азаматтарды жұмысқа орналастыру және олардың кәсіптік тәжірибе, білім және дағды алу мүмкіндіктерін кеңейту мақсатында аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Ауданның жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне (әрі қарай - жұмыспен қамту):

1) жұмыспен қамту бөлімінде тіркелген, кәсіптік оқу орындарын ағымдағы жылы бітірген, сондай-ақ кәсіптік оқу орындарын бітірген уақыттан бастап бір жыл мерзім ішінде жұмыс істемеген жұмыссыз жастар арасында дипломнан кейінгі кәсіптік тәжірибені (әрі қарай – Жастар тәжірибесі) жүргізу бойынша жұмысты, мамандығы бойынша алғашқы жұмыс тәжірибесін алу үшін, жұмысқа орналасуға жәрдемдесу үшін және еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілікті арттыру үшін жағдайлар жасауды ұйымдастырсын;

2) Жастар тәжірибесі шеңберінде кәсіптік оқу орындарының жұмыссыз түлектеріне уақытша жұмыс орындарын ұсынуға тілек білдірген жұмыс берушілермен жұмыссыз жастарға дипломнан кейінгі кәсіптік тәжірибені ұйымдастыруға шарттар жасасын;

3) Жастар тәжірибесін жүргізу бойынша іс-шараларды қаржыландыру республикалық және аудандық бюджеттің қаражаты есебінен жүзеге асырылсын;

4) жасалған жұмыс уақытына сәйкес айына ең төменгі жалақыдан кем емес

есебінен Жастар тәжірибесінің қатысушыларына еңбек ақы төлемі қ а р а с т ы р ы л с ы н .

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Нүркен Сәйфиддинұлы Көбжановқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2009 жылдың 1 мамырынан бастап пайда болған құқықтық қатынастарға таралады.

Осакаров ауданының әкімі

О. Қаппасов